

**Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №3**

О.Әлібаев ЖББМ
29.12.2021 ж.

сар.10⁰¹

Төрайымы: Ибраева А (ата-ана)

Хатшы: Г.Уалиева (әлеуметтік педагог)

Қатысқандар: Алин Д.Г.- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-

Күржікова А.К (ата-ана)

Байбагисова И (ата-ана)

Жанпейісова Б.С (ата-ана)

Оспанова Г (ата-ана)

Кожамуратова Ж (ата-ана)

Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)

Махатова А (ата-ана)

Бекмаханова Ж (ата-ана)

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылында «Қамқоршылық» кеңесінің атқарған жартыжылдық есебін тыңдау.

Д.Г.Алин

Тыңдалды:

Сөйледі 1.1: мектеп директоры- Д.Г.Алин

Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, биылғы оқу жылында «Жалпыға бірдей оқу айлығы», «Қамқорлық» акциясы барысында көрсетілген көмек есебі жайлы тоқталды. Тамыз айынан бастап күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Шілде айының басында Ш.Ералиев ауылының О.Әлібаев атындағы ЖОББ мектеп әкімшілігімен бірлесіп «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылған іс-шаралар жоспары құрылып, хабарлама парақшалары ілінді. Жоспар бойынша көпбалалы, аз қамтылған, толық емес, қамқорлықтағы балалары бар отбасыларға рейд жасалынды. Тұрмысы аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорансыз қалған және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету үшін акцияға қатысушыларға арнайы хабарламалар жолданды. 5 отбасынан шыққан 11 оқушының 4-еуіне материалдық, 7 оқушыға бір реттік қаржылай көмекке мұқтаждығы анықталып тізімі жасалды. Бір отбасынан шыққан 4 оқушы киім-кешекпен қамтылса, 7 оқушыға әрқайсына 30 000 теңге көлемінде бір реттік қаржылай көмек берілді. Тамақтану бойынша 1-4 сыныптар және аз қамтылған отбасыларынан шыққан 9 оқушы бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылды. Аудандық білім бөліміне «Жарқыра, жайна жана жыл-Тәуелсіз қазақ елінде» атты балаларға арналған аудан әкімі шыршасына оқушыларды қатыстыру туралы сұраныс жасалды. Сұранысқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан 2 оқушы және 2 үздік, белсенді оқушы ұсынылды. Әлемдік іністек байланысты сыйлықтары жеткізіліп, мектеп ғимаратында құттықтау сөзімен салтанатты түрде тәттісімен сыйлықтары табыс етілді. Биылғы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында 4 белсенді ата-ана Аудандық білім бөлімі алғыс хатымен марапатталды. Ата-аналар тарапынан безендіру жұмыстарына 97500 тг және кабинеттерге перде алуға 43500 тг, жекелей мұғалімдердің тарапынан безендіру жұмыстарына 45630 тг, жекелей кабинеттерге перде, арнайы стенд, құрылғылар алуға 39800 тг, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында ата-аналар тарапынан демеушілік жасалып 30 білім алушыларға 98000 теңгеге арнайы киім тіктерілді.

А.Махатова (ата-ана)

Атаулы көмекке мұқтаж оқушыларды басты назарға алып, үнемі демеушілік жасап отыруды қолға алуымыз керек.

Қаулы етілді:

1. «Қайырымдылық» іс-шараларына ауыл тұрғындарын, демеушілерді мектеп әкімшілігімен бірлесіп отырып тарту мақсатында шаралар ұйымдастыруға белсенділік таныту, көмек көрсету, ұйымдастыру кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.

Кеңес мүшелері:

Күржікова А.К

Байбагисова И

Жанпейісова Б.С

Кожамуратова Ж

Махатова А

Оспанова Г

Исатаев О.К

Бекмаханова Ж

Төрайымы:

Хатшы:

А.Ибраева

Д.Ауданбай